

«Ата – ананың ақ тілегімен өркендеймін, өсемін!»



Өткізген: Абенова А.Р.
Ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешісі

Консультацияның тақырыбы: «Ата – ананың ақ тілегімен өркендеймін, өсемін!»

Консультацияның өткізілу нысаны: ата – аналар балаларға ақ тілектерін жеткізу, кеңестер беру, қойылған сұрақтарға жауап беру.

Мақсаты: бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстазы – ата – ана. Әке, ана - бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін ата – әже, әке – анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда 0 балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан әке де, ана да балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез – құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Ата – аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, балаға көңіл бөлуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Бала тәрбиесіне жауаптылықпен қарап, бойына жақсы қасиеттерді сіңіртіп өсуіне жауапты.

- Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?
- «Ботақаным», «қошақаным», «күнім», «құдай бере салғаны» т.б.
- Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?
- «Әкесінің патша баласы», «анасының бұзығы», «әкесінің еркесі» т.б.
- Балаңыздың өнерге деген бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?
- «Өнерің өссін!», «Талабыңа нұр жаусын!» - деген секілді ақ тілертер айтар едім.



Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса ұрпағымызға деген ақ тілегімізді жаудырып жүрейік!